

"Жаңаұйым жалпы орта білім беретін мектебі" Психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылының атқарған жұмысының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылында «Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде» 1-11 сынып аралығында 225 оқушы, дайындық тобында 13 оқушы. Оқу жылы 238 оқушымен басталып, 239 оқушымен аяқталды. 32 мұғалім, 28 техқызметшілер, жұмыс жасайды.

Шығармашылық тақырыбым:

«Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың психологиялық тұрғыда таным процестерін дамыту»

Мақсаты:

Оқушылармен жұмыс жасау барысында, жаңа технологияларды және АКТ-ны тиімді қолдану арқылы оқушылардың оптимистік көзқарасын қалыптастыру.

Міндеттер:

1. Оқушылардың білім сапасын көтерілуіне және оқушыға өмірде қажет болған жағдайда психологиялық тұрғыда шешім қабылдай алуына үйрету.
2. Оқушылардың таным процестерін дамыту, шығармашылық іс-әрекеттерге жетелеу.
3. Дарынды балалардың пән олимпиадаларына, түрлі интеллектуалды сайыстарға онлайн түрде қатысуға психологиялық тұрғыда дайындау.

2022-2023 оқу жылында психологиялық қызметтің "Бестерек жобасы" бойынша жылдық жоспар түзілді.

Осы оқу жылында мектебімізде дайындық тобында 27 оқушы болды. 2022 жылы қыркүйек айында 1 сынып оқушыларынан "Оқушылардың мектепке дайындығын тексеру" бойынша, зерттеу жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың мектепке дайындығын бақылау, жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі

Зерттеу жұмысына қатысқандар: 27 оқушы, оның ішінде ұл бала 16, қыз бала 11.

Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы: Зерттеу 3 түрлі бағытардан құралған.

Зерттеу нәтижесі:

I-бағыттар бойынша:

1. Ойға сүйене отырып ер адамның суретін салып дене бітімін бейнелеу;
2. Жазба әріптерін үлгіден көшіріп салу;
3. Нүктелер тобын көшіріп салу.

1. "Ер адамның суретін салу" әдістемесі


Орындау ережесі: Сендер күнделікті көптеген ер адамдарды көріп жүрсіңдер. Солардың сырт пішінін еске түсіріңдерші. Енді ер адамның суретін салыңдар. Ер адамның суретін салғанда балалар осы кейіпкерді ойына түсіріп сол қиялын бейнелеу бойынша салады.

2. "Әріптерді көшіріп салу" әдістемесі.

Тапсырманың үлгісі салынған парақ балаларға таратып беріледі. Оның бетінде алты әріптен тұратын сөз жазылған. Бала тапсырманы орындау тәртібі түсіндіріледі: "Мына парақта әріптер жазылған, оны дәл осындай етіп көшіріп сал. Әріптерді толық салып болғанша қаламды парақтың бетінен алма"

3. "Бір топ нүктелерді көшіріп салу" әдістемесі.

Балаға бір топ нүктелер геометриялық фигураның пішініне ұқсатып салынған парақ беріліп, тапсырманы орындау шарты түсіндіріледі: "Мына параққа қара. Оның бетінде нүктелер салынған. Осындай суретті дәл қасына көшіріп сал"



нан

сен алма ал

ол су ішті

1. Ойға сүйене отырып ер адамның суретін салып дене бітімін бейнелеу;

1-3 балл 18 оқушы жақсы салған;

4 балл 6 оқушы орта салған;

5 балл 1 оқушы төмен деңгейде салған.

2. "Әріптерді көшіріп салу" әдістемесі.

1-2 балл 15 оқушы жақсы жазған;

3-4 балл 9 оқушы орта деңгейде жазған;

5 балл 1 оқушы төмен деңгейде Жазған.

3. "Бір топ нүктелерді көшіріп салу" әдістемесі.

1-2 балл 14 оқушы жақсы түсірген;

3 балл 10 оқушы орта түсірген;

4-5 балл 1 оқушы түсірген.

берілген үш тапсырманың қорытындысын шығару, 3-6 балл аралығындағы оқушылар ортадан жоғары оқушылар; 7-11 балл оқушылардың даму деңгейі орта; 12-15 балл оқушылардың даму деңгейі ортадан төмен екендіктерін білдіреді.

Қорыта келгенде 25 оқушының психологиялық тапсырмаларды орындау нәтижесінде 9 оқушы жоғары деңгейде 80-90% мектепке дайындығы, ал 7 оқушы жақсы деңгейде 60-79% мектепке дайындығы, 4 оқушы орта деңгейде 50-70% мектепке дайындығы, 8 оқушы ортадан төмен деңгейде 40-50% мектепке дайындығы ал 1 оқушы 12-10% басқаларға қарағанда төмен баяу екендіктері, көмекті қажет ететіндіктері байқалды. Ол Байғон Серғазы сынып жетекшісіне таныстырылды.

Байғон Серғазы 12-15 балл аралығындағы оқушы болып анықталды, ата анасына хабардар ету.

Ұсыныс: Сынып жетекшілер М.Қалқабаева мен А.Қаныбекова алынған әдістемелердің нәтижесімен таныстырылып, жеке кеңес берілді, аталған оқушымен жеке қосымша сабақтар жүргізіп, ата-анасымен тығыз байланыста болып білім деңгейін көтеру ұсынылды.

(После завершения тестирования вычисляется суммарный итог по 3 заданиями. Развитие детей, получивших в сумме по 3 заданиям от 3 до 6 баллов, рассматривается как выше среднего, от 7 до 11 – как среднее, от 12-15 баллов как ниже нормы. Детей, получивших от 12-15 баллов, необходимо углубленно обследовать, т.к. среди них могут быть умственно отсталые дети.)





Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Жасөспірімдер арасында қылмыстық істердің көбею себептері: Отбасындағы ақау тәрбие; Отбасындағы материалдық әл-ауқаты; Жұмыссыздық; Баланың бос уақытының шамадан тыс көп болуы; Ата-ана тарапынан бақылаусыз қалуы; Мінез-құлқының ауытқушылығы; Рухани құлазуы. Міне, тәртіп бұзу содан пайда болады. Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Яғни осының негізінде жыл басында аудан бойынша біріңғай жоспар құрылған, яғни "Бестерек жобасы" бойынша. Бұл жоба екі кезеңнен тұрады, Кабинеттік талдау және Далалық зерттеуден тұрады. Кабинеттік талдауда Әлеуметтік педагог оқушылардың әлеуметтік жағдайының мәліметтерін жинақтап береді. Мектеп инспекторы ІІБ тұратын отбасылар мен оқушылар тізімін береді. Медбике Д есепте тұратын оқушылар туралы мәлімет береді. Сынып жетекшілер оқушылардың үлгерімі, тәртібі және қосымша ақпараттар мәліметтері жинақтайды. 5-11 сыныптар бойынша жиынтық кесте дайындалып, Рефрейм орталығына сандық мәлімет тапсырылды. Ал екінші кезең Далалық зерттеуден тұрады оқушылар арасында эссе алынды («**Менің отбасым!**» (5-7), «**Менің ең жақын досым!**»(8-9), «**Менің арманым!**»(10-11)). Оқушылармен сауалнама жүргізілді.

Оқушылар арасында «Үй. Ағаш. Адам» әдістемесі жүргізілген болатын, яғни мақсаты, бойында жалғыздық қорқақтық байқалған оқушыларды анықтау, олармен қосымша әдістер алып жұмыс жүргізу. Диагностика бойынша нәтижесі өңделіп, Рефрейм орталығына сандық мәлімет тапсырылды. Осының негізінде Қараша айында "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында психология айлық өткізілді. "Балаларды зорлық зомбылықтан, қорқушылықтан, кибербұзудан, жыныстық қылмыстардан және аутодеструктивті мінез құлықтан қорғау" мақсатында

Апталықтың мақсаты: *Ұстаздарға, оқушыларға "Аутодеструктивті мінез-құлықтың" зардабын түсіндіре отырып, өркениетті еліміздің тағдыры осы жастардың қолдарында екендігін ұғындыру. Іс шара жоспары түзіліп, бекітілді.*

Іс-шара мақсаты: Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу және одан шығу жолдарын қарастыру, зерттеу, көмектер беру.

Іс-шараға жауаптылар:

1. **17.11.2022ж** Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтік мәселелерін шешу барысында ата-аналармен түсіндіру жұмысы . М.М.Калкабаева.

2. **24.11.2022ж.** Қыз балалардың ерте жүктіліктің алдын алу және жеке бас гигиенасы туралы түсіндірме жұмысы 7-11 сынып Мектеп медбикесі. А.Туякова.

3.**16.11.2022ж** Мен өмірді қалай түсінемін? (тренинг сабақ) 8-11 сынып оқушылары.

4. **11.11.2022ж** "Әлеуметтік желінің жастарға әсері"(зорлық зомбылықтан, қорқушылықтан, кибербұзудан қорғау) 9-11 сыныптар тренинг сабақ. Акт залда .

5. **22.11.2022ж** "Егер мен директор болсам және егер мен мұғалім болсам.... ." Оқушы көзімен. файеде.Анонимді сауалнама алу оқушылардан

6. **21.11.2022ж** “Бойжеткені-болашақ ғасырымның”қазақ қызының бүгіні мен ертеңі қандай болуы керек?. М.М.Калкабаева

7. **25.11.2022** Буллинг, кибербуллинг"Мектептегі күштеу" ұстаздарға тренинг

1. . **17.11.2022ж** Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтік мәселелерін шешу барысында ата-аналармен түсіндіру жұмысы (онлайн форматта). М.М.Калкабаева.

“Отбасымызда зорлық-зомбылыққа жол жоқ!

”Отбасындағы күштеу – бұл бүкіл дүние жүзінде, әр түрлі халықтар мен әр түрлі мәдениеттерде кездесетін әмбебап құбылыс.

Отбасындағы тәни, жыныстық, психологиялық не экономикалық күштеу қоғам мен отбасындағы әйел мен қыз баланың орны жайлы дәстүрлік патриархалды ой-пікірлердің салдары болып табылады. Күштеу түрлерімен слайд арқылы таныстырылды.

Қорыта айтқанда отбасындағы ауызбіршілікті, берекені сыйлап отырған ана. Сондықтан әрбір ана өз отбасының тыныштығын кетірмеу үшін, сауатты, мәдениетті, заманауи көрегенді болу керекпіз. Ана қайда болмасын ана, осы статусты дұрыс ұстай білуіміз керек. **Бала Алланың берген сыйы!**